

**Ақмола облысы,  
Целиноград ауданы  
жағдайында қиярды  
көшетпен өсіру  
технологиясы**

**Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің кампусы жағдайында қияр дақылын көшетпен өсіріп сынау мақсатында танаптық тәжірибе қойылды. Өсірілген дақылдың өнімділігін арттыру шараларын қарастыру. Зерттеу нысаны ретінде қияр дақылының өнімділігі жоғары Маринда, Атланта, Астерикс сорттары алынды.**

\* **Маринда сорты - Нидерланд елінің атақты "Монсанто Holland" компаниясы ойлап шығарған атақты, таныман гибрид. Бұл гибрид ерте кемелденетін, жоғары өнім беретін гибрид. Қиярдың бұл сұрпын ашық жерде, жылыжайларда, шынылы жылыжайларда өсіруге болады. Айта кететін жағдай бұл гибридті аралар арқылы тозаңданатын бақша дақылдарымен бірге орналастырмаған жөн. Гибрид алғашқы жемісін 40-55 күндер аралығында беріп үлгереді. Жемістері жинауға ыңғайлы гелді емес. Бұл қиярдың әрбір торабы немесе сабағы 5 жемісті толық қалыптасуына күші жетеді. Жемісінің ұзындығы 10-12см, салмағы 65-75грамм цилиндрлі. Қияр жемісінде ақ тау жоталары бар қара жасыл түсті, ұзынша келген, ащысы жоқ, тұқым камералары шағын. Бір шаршы метр жерден алатын өнімділігі-25-30кг қияр.**

\* **Астерикс Голландиялық будан. Ерте пісетін, ара тозаңдандыратын, негізінен аналық гүлдері дамитын будан. Орташа желі сабақты өсімдік. Жасыл түйнегі орташа бұдырлы, цилиндр тәрізді, ұзындығы 8-12 см, массасы 65-85 г, ащысыз, дәмдік сапасы өте жақсы. Жас күйінде және консервілеп пайдаланылады. Өнімді жемістерінің тауарлық сапасы жоғары**

\* **Атланта – ерте мерзімде пісіп жетілетін қияр сорты.**

**Голландияның атақты Бейо Заден агрофирмасының шығарған гибриді. Топырағы жақсы өңделген ашық алаңдарда да, қорғаулы жылыжай орталарында да өсірілетін әмбебап гибрид.**

**\* Өндірісте өсірілетін қияр дақылының отырғызылатын жер телімін ең алғаш өлшеп белгілеп алдық. Біздің тәжірибе жүргізілетін алаң бірнеше жылдан бері бос жатқан жер. Сол себепті тәжірибе алаңды терең өңдеу жұмыстарын жасадық. Бұл агротехниканы МТЗ-3522 және де агрегат ПЛН-8-35 көмегімен жүргізілген болатын. Топырақты аудара жыртқан соң танапта ірі кесектер қалмас үшін біз МТЗ-2022+БЗГТ-9 арқылы келесі тырмалау жұмыстарын жасаған болатынбыз. Бұл операция екі қайтара жүргізілді**

Қатар саны	Танап	Агротехникалық шаралар.
1	2	3
1	Дақыл, сорт	Маринда, Астерикс, Атланта
2	Алғы дақыл, негізгі өңдеу тәсілі	Сүрі жер
3	Тыңайтқыш енгізу	Көшетті отырғызумен бірге
4	Себу алдында топырақ өңдеу	Топырақты тырмалау. 2 ізді. Технологиясы: қолмен. 5-8см. (25.05)
5	Себу тәсілі, мөлшері, мерзімі, тұқым сіңіру тереңдігі.	Қарықтап көшетпен отырғызу. 27.05.16 Қолмен отырғызу.
6	Егістікті күтіп-баптау (тырмалау, қатараралық өңдеу, мерзімі, құралдар, тереңдігі)	Суару. Арамшөптерді отау. Көшеттің түбін қопсыту.
7	Арамшөптерге, зиянкестерге, ауруларға қарсы күрес шаралары, тәсілдері, мерзімдері, мөлшері, аумағы	Арамшөптерді қолмен отау жұмыстары.
8	Суару тәсілдері, саны, мерзімі, мөлшері, ж.б	Аптасына 2 рет. Қолмен суару. 4,2т
9	Егінді жинау мерзімі	(11.07-28.08) аралығында күн ара қолмен теру
10	Қарастырылып отырған дақылдың өнімділігі, кг	107,5 ц/га

## Қияр дақылының фенологиялық кезеңі.

<b>Дақыл, сорт</b>	<b>Көшт отырғызу мерзімі</b>	<b>Алғашқы гүлдеуі</b>	<b>Пикули сатыдағы қияр</b>	<b>Жеуге жарамды корнишон түзілу</b>	<b>Өнімді жинау мерзімі</b>
<b>Маринда</b>	<b>27.05.2016</b>	<b>8.07.2016</b>	<b>12.07.2016</b>	<b>14.07.2016</b>	<b>14.07-28.08.2 016</b>
<b>Атланта</b>	<b>27.05.2016</b>	<b>10.07.2016</b>	<b>15.07.2016</b>	<b>17.07.2016</b>	<b>17.07-28.08.2 016</b>
<b>Астерикс</b>	<b>27.05.2016</b>	<b>12.07.2016</b>	<b>16.07.2016</b>	<b>18.07.2016</b>	<b>18.07-28.08.2 016</b>



## Қиярдың сорттарының биометриялық көрсеткіштері

Сорттар	Өсімдік сабағының ұзындығы, см	Бір өсімдіктегі жапырақ саны, дана	Бір өсімдіктегі жеміс саны, дана	Бір өсімдіктегі жемістердің салмағы, г
маринда	144,3	57,3	16	1524
атланта	130,3	49	16	1249
астерикс	126,6	54,6	13	1198

## Қияр дақылын өсіру технологиясы бойынша 1 га есептелген шығындар, тг (2016 ж.)

P/c	Көрсеткіштер	Тікелей шығындар		
		5-6 см тереңдікте топырақты тырмалау	22-25 см Топырақты аудара жырту	Жалпы кеткен шығындар
1	Еңбекақы, тг			320000
2	Жанар-жағар май, тг	676	1488	26764
3	Көшеттер, тг			350000
4	Тыңайтқыштар			67500
5	Барлық шығындар			764315

# Қияр сорттарының салыстырмалы экономикалық тиімділігі, ( 2016ж.)

<b>Алғы дақыл</b>	<b>Қияр сорттары</b>	<b>Өнімділік, ц/га</b>	<b>1га шаққан дағы шығын, тг</b>	<b>Сату бағасы, тг</b>	<b>1га шаққан дағы таза пайда, тг</b>	<b>1ц қиярдың өзіндік құны, тг</b>	<b>Рентабельділік, %</b>
<b>Сүрі танап</b>	<b>Маринда</b>	<b>107,5</b>	<b>764315</b>	<b>100</b>	<b>310685</b>	<b>7110</b>	<b>41</b>
	<b>Атланта, Астерикс</b>	<b>85,5</b>	<b>764315</b>	<b>100</b>	<b>90685</b>	<b>8939</b>	<b>12</b>



**\*Назарларыңызға рахмет!!!**